өзекті мәселелердің бірі болып отырғанын көреміз. Бүгінгі таңдағы, Сыбайлас жемқорлықтың мақсаты азаматтардың құқықтарымен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей:

1) Қолма-қол айналымды азайту, есептесудің заманауи электрондық жолдарын кеңейту, есеп берудің ақша айналымын бақылауды жеңілдететін, қолма-қол пара беру мүмкіндігін қиындататын заманауи тұлпаттарын ендіру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресумен айналысатын мамандардың біліктілігін арттыру;

3) Сыбайлас жемқорлықты азайту үшін қызметкерлердің жалақысын көтеру; секілді мәселелерді қарастырса, сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жоймағанмен біршама азайтар едік.

1979 жылы БҰҰ-дың Бас Ассамблеясы және сыбайлас жемқорлық мәселелері жөніндегі аймақаралық семинар (Гавана 1990 ж.) мынадай анықтаманы ұсынды: «Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын заңсыз пайда алуға бағыттауы».

Г.Р. Абсаттаров және Қазақстандық басқа да авторлар «сыбайлас жемқорлық» терминін тура қолданбағанымен, заңдылықты қазақстандық қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі жағымсыз факторлармен күрес ретінде айқындайды. Олардың пікірінше, саяси билікті таратушылардың бұл принциптен бас тартуы Қазақстандағы қоғамдық қатынастардың реттілігін бұзады, біздің қоғам үшін мұндай биліктің тиімсіздігіне және қолайсыздығына әкеліп соғады, оның деструктивті әлеуетін күшейте түседі. Кейбір ғалымдардың пікірінше осы анықтама толық емес, себебі сыбайлас жемқорлық құбылысы құқық ұғымының шеңберінен әлдеқайда кең.

М.О. Нәукенов: «Сыбайлас жемқорлық» және «ұйымдасқан қылмыс» ұғымдарын бір-бірімен байланыстыра қарауды ұсынады. Оның пікірінше, сыбайлас жемқорлықты ұйымдасқан қылмыс өкілдері мемлекеттік органдар жұмысын «бақылау» құралы ретінде пайдаланады, бұндай жағдайда қылмысты әлеуметтік тұрғыдан бақылау бейтараптанады, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыс өкілдері билік органдарын өз мақсатына жету үшін пайдаланады және саяси шешімдер қабылдауда ықпал жасайды.

А.С. Қалмұрзаев сыбайлас жемқорлықты: «кез келген қызметкердің қызмет жағдайын пайдакүнемдік мақсатында пайдалануы», - деп сипаттайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес».

Қазіргі отандық әдебиеттерде: «Сыбайлас жемқорлық - (латын тілінен «conruptio» - пара беріп сатып алу, құқық бұзу, құлдырау деген мағынаны білдіреді) деп қоғамдық және саяси қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың сатқындығын, оларды сатып алуды, яғни саяси, экономикалық, әскери және тағы басқа да салалардағы қызметкерлердің қолындағы билігінің мүмкіндіктерін және қызмет бабын жеке басын байыту мақсатында пайдалануын айтады».

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше: «Сыбайлас жемқорлық - бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаған қылмысы.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

1. сыбайлас жемқорлық құбылысының өзіне тән белгілері бар;
2. сыбайлас жемқорлық - бұл, ең алдымен, әлеуметтік құбылыс;
3. халықаралық құжаттарда жемқорлықтың нақты анықтамасы жоқ;
4. әрбір мемлекет қазіргі құқықтық дәстүрлер негізінде өздерінің жемқорлыққа қарсы құралдар жиынтығын анықтайды;
5. жемқорлық ұғымы қазіргі қоғамдағы жемқорлықтың құқықтық анықтамасына негізделмеген.

Сөйтіп, айтылғандарды қорыта келе, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасында қабылданған Заңы сыбайлас жемқорлықты жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» ретінде айқындайды.

Әдебиеттер: 1-7,22-24,55-58.

Семинар - 1 сағат

Жоспары:

1. Сыбайлас жемқорлық – түсінігі және мәні дін мораль тендік негізінде.

Жоспары:

1.«Сыбайлас жемқорлық» ұғымы дамуының тарихи-құқықтық аспектілері.

Әдістемелік ұсыным:

Бірінші сұрақ шеңберінде «сыбайлас жемқорлық» терминінің ұғымын және оның мазмұнын қарастыру қажет. Екінші сұрақ бойынша аталған әлеуметке қарсы құбылыстың дамуының тарихи-құқықтық аспектісін қарастырып және сыбайлас жемқорлық тудыратын факторларды анықтау қажет.

Реферат тақырыптары:

1. Сыбайлас жемқорлық ұғымы: пайда болуы және теориялық негіздері.
2. Сыбайлас жемқорлық ұғымы дамуының тарихи-құқықтық аспектілері.
2. Сыбайлас жемқорлық - әлеуметке қарсы құбылыс ретінде.
4. Сыбайлас жемқорлық және заңнама.

Әдебиеттер: 1-7, 22-24,55-58.

КООЖ - 1 сағат (аудиториялық сабақ)**Тапсырма: кестені келесідей құрау:**

Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының себептері	мазмұны
<i>Іргелі (фундаментальдық)</i>	
<i>Құқықтық</i>	
<i>Ұйымдастырушылық-экономикалық</i>	
<i>Ақпараттық</i>	
<i>Әлеуметтік</i>	
<i>Мәдени-тарихи</i>	

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:

Кестені толтыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың барлық себеп салдарын алты үлкен топқа шартты түрде бөлу қажет. Әрбір фктордың маңызын ашқан жөн.

Әдебиеттер: 1-7,22-24,55-58.

КӨЖ – 5 сағат**Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар**

1. Тақырып бойынша әдебиет зерделеу.
2. «Сыбайлас жемқорлық - әлеуметке қарсы құбылыс ретінде» тақырыбына реферат әзірлеу.
3. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
4. Талқылау үшін семинар сабағына шығарылатын сұрақтарды әзірлеу.

Әдебиеттер: 1-7, 22-24,55-58.

**2-тақырып. Шетелдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру
практикасы, халықаралық стандарттары мен сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мәдениет нормалары**

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің халықаралық стандарттары мен нормалары.
2. Шетелдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру саясаты.
3. Полициядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің шетелдік тәжірибесі.

Дәріс тезисі:

Мемлекеттік басқарудың барлық деңгейіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпанындағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарының негізгі мақсаттарына жетуге бағытталған. Ішкі істер органдары – құқық қорғау органдарының ішіндегі ең саны көп бола тұра, әкімшілік қызметпен бірге, қылмыстық-процестік салада қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша негізгі салмақ жүктелген орган.

Сондықтан ішкі істер органдарындағы жемқорлық адам мен мемлекет арасындағы қатынасқа қатысты қоғамдық қатынастардың барлық тұстарына кері ықпалын тигізеді анық. Мемлекеттің мүдделерін күйттейтін өкілетті органның азаматтардың заңды мүдделеріне қайшы келетін келіссіз тенденцияны тудырау қаупі бар. Ал бұл өз кезегінде қылмысты жасырушылықты, тіркемеуді (латентность) туындатып, сондай-ақ, тұрғылықты халықтың жалпы құқық қорғау органдарына деген сенімділігін жоққа шығарады. Ішкі істер органдарындағы жемқорлыққа заңды тікелей бұзуға әкеліп соқтыратын амалдарға – қылмысты тіркеуден жасыруды, қызметтегі әрекетсіздікті, қылмыстық іс материалдарын фальсификациялауды және т.б. жатқызады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XV Съезінде сөйлеген сөзінде: «Саяси көшбасшылықтың принципті мәселесі сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресудің стратегиясы» деп, баса айтқан болатын.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасында қабылданған Заңы сыбайлас жемқорлықты жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз

пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» ретінде айқындайды.

Сыбайлас жемқорлық көптеген әлем елдерінде, оның басқару нысанына (формасына) саяси режиміне және мемлекеттік құрылым түріне қарамастан, кең таралған қоғамдық құбылыс. «Бұл – барлық уақытта да және кез келген қызықтырып азғындату кезінде барлық заңдарға деген жек көрушілікті туындатын тамыр» .

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықтың таралу ерекшелігі ұлттық тұрақтылық, саяси және әлеуметтік-экономикалық шарттарға, сондай-ақ, құқықтық жағдайлар сынды бірқатар факторлармен байланысты екенін атап өткен жөн.

Сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік қауіптілігі биліктің ашық емес және заңсыз институттарының, механизмдерінің пайда болуымен байланысты. Мемлекеттік басқару органдарында сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті салдары «көлеңкелі экономиканың» өсуі, криминалдық бизнестің дамуына жағдай жасау болып табылады, бұл, өз кезегінде республикалық ғана емес, аймақтық деңгейде де бюрократияны сатып алу ауқымының ұлғаюына әкеліп соғады .

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында «Заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуға тиіс. Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс. Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру» деп атап көрсетілген.

Transparency International – Халықаралық бейүкіметтік ұйымның 2016 жылдағы жемқорлықты бағалау Индексіне сәйкес (Corruption Perceptions Index 2016), Қазақстан 175 елдің ішінде 131-орында тұр (төменгі орын сыбайлас жемқорлықтың жоғары көрсеткішін білдіреді). Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың деңгейі 1999 жыл мен 2016 жылдар аралығында орта есеппен 113,39 көрсеткішті көрсетсе, 2007 жылы – 150 орынды, 2007 жылы – 65 орынды иеленген.

МҚІжСЖҚІҚА мәліметтері бойынша Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі ұлттық бюроның (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде 2016 жылы 2 933 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген, оның 76%-ын, яғни 2 229-ын сыбайлас жемқорлық дерегі құрайды. Тіркелген қылмыстардың басым көпшілігі пара алу – 40% (902), лауазымдық өкілеттігін асыра пайдалану – 18% (395) және жымқыру – 16% (358). Аяқталған істер бойынша келтірілген залал 43,6 млрд. теңге сомасында анықталды, оның 9,3 млрд. теңгесі немесе 21,3%-ы өтелді. Сыбайлас жемқорлық бойынша залал 13,6 млрд. теңгені құрады, оның 5,3 млрд. теңгесі немесе 39%-ы өтелді. Келтірілген залалды қамтамасыз ету үшін 8,7 млрд. теңге сомасында мүлікке тыйым салынды, оның ішінде, сыбайлас жемқорлық

қылмыстары бойынша – 4,4 млрд. теңге. Республикада барлығы сыбайлас жемқорлық үшін 1129 тұлға тартылуда, оның ішінде республикалық маңыздағы бірінші басшылары – 18, облыстық – 59, қалалық және аудандық – 134.

Транспаренси Интернешнлдің мәліметтерін негізге ала отырып, сыбайлас жемқорлықтың жер жүзіне таратылу айырмашылықтарын және қазіргі әлемдегі жемқорлықтың деңгейін зерттеу мақсатында, әлем картасындағы сыбайлас жемқорлық туралы ақпаратты бейнелеп көрсетуге тырысайық. Халықаралық тәжірибеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы айтқанда, барлық елдерді шартты түрде төрт санатқа бөлуге болады: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізіп отырған елдер; 2) сыбайлас жемқорлық орташа деңгейдегі елдер; 3) сыбайлас жемқорлықпен өте келелі мәселелері бар елдер; 4) сыбайлас жемқорлық айырықша байқалатын елдер. Әрі қарай осы жүйені негізге аламыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізіп отырған елдерге Дания, Финляндия, Швеция, Жаңа Зеландия, Канада, Нидерланды, Норвегия, Швейцария, Австралия, Сингапур, Люксембург, Ирландия, Германия, Ұлыбритания, Израиль, АҚШ, Австрия, Исландия, Жапонияны жатқызуға болады. Жоғарыда аталған елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері - осы елдердің үкіметі сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп қарайды. Сондықтан сыбайлас жемқорлық сырттан төнген және ішкі қауіп ретінде қабылданып, соған байланысты онымен күрес көлемді және кешенді сипат алады. Мысалы, Нидерландыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өзіне мыналарды енгізеді:

- сыбайлас жемқорлыққа бейім тұратын мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда мониторинг жүйесін енгізу және осы жерлерде қызмет ететіндерді қатаң бақылап отыру. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізетін тұлғаларды лауазымға тағайындау;

- сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жазалау жүйесі – бұл мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істеуге қатаң тиым салуды және мемлекеттік қызмет ұсынатын барлық әлеуметтік жеңілдіктерінен айыруды көздейді;

лауазымдық тұлғаның жағымды әрекетін көтермелеу жүйесі – шенеунікке өз қызметін тиімді де адал орындауы үшін материалдық тұрғысынан да, адамгершілік тұрғысынан да жағдай жасау;

- арнайы полиция типіндегі сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі мемлекеттік қауіпсіздік жүйесі;

Компаративтік талдау бойынша, әр мемлекеттің өзінің күресу жолы, әдісі, тәсілі бар. Ал басқа жағынан қарасақ, көптеген мемлекеттердің сарапшылары біркелкі ережелер нормаларын қолдану керек деп ұсыныс жасайды. Тіпті, бүкілұлттық тәртіп әдептілігін қалыптастыру қажет дейді. Осы орайда, 1995 жылы Ұлыбританияда Нолан Комиссиясы 7 қағида қабылдады:

1. Риясыздық. Лауазымды қызметкерлер қоғамдық мүддені жоғары ескере отырып, бір шешімге келеді.

2. Сатылмастық. Лауазымды қызметкерлердің өздерін басқа бір адамдарға не ұйымдарға қаржылық тәуелсіздікке қоймағаны дұрыс.

3. Әділдік. Жоғары қызметке тағайындау, келісім шарт жасау, марапаттау мәселелері бойынша шешім қабылдағанда лауазымды қызметкерлер үміткердің кәсіби қабілеттерін, іскерлігін ескеруі тиіс.

4. Есептілік. Лауазымды қызметкерлер қоғамның алдында өздерінің істеген ісі, қабылдаған шешімдері бойынша есеп беріп отыруы керек.

5. Ашықтық. Лауазымды қызметкерлердің шешімдері мен істері қоғамға ашық болуы тиіс. Әр шешім дәйектеліп отыруға міндетті.

6. Арды, абыройды сақтаушылық. Лауазымды қызметкерлер өздерінің мүдделері туралы ашық айтып, егер де осы мүдделері олардың істеген жұмысына қайшылық келтірсе, қоғамның пайдасына әкелетін шешімге келуге тиісті.

7. Басшылық. Лауазымды қызметкерлер осы аталған қағидаларды қолдана отырып, басшылықты орындап, өзінің дұрыс істерімен, мінез-құлқымен үлгі көрсетіп отыруға міндетті.

Жемқорлыққа қарсы өзгерістерді жүргізетін басқа топ институционалдық деп аталады. Бұл топ жемқорлыққа қарсы мүлде басқа күресті көрсетеді. Олардың ойынша, жаңа әдіс, жаңа жолға бар бағдарламаны жойып тастап, нормативтік іс-әрекеттерін өзгерту керек. Институционалдық жемқорлық өзгерістерге мынадай мысал келтіруге болады: сайлау үрдісіне ашықтық, жариялылық қамтамасыз ету; үкімет жұмысына және орындаушы басшылығына парламенттің бақылауы; сайлау үрдісінде қаржы мәселесіне бақылау жасау; мүлік мәселесін шектеу; мемлекеттік қызметкерлерінің кіріс-табысын, қаржы міндеттерін, шенеуніктердің табысының көтеруін, жылдық қаржы есебін беру, жемқорлыққа қарсы арнайы заң қабылдау, әкімшілік және қылмыстық жазалау тағы басқалар. Сайлаушылардың дауысын сатып алу көптеген мемлекеттерде дәстүрге айналған. Бұл әдіс АҚШ, Ұлыбританияда және басқа Еуропа мемлекеттерінде 19 ғасырда кең таралған. Қазір осындай шаралар шектелсе де, бүгінде осындай заң бұзушылық байқалады. Испания мен Италияның сайлау үрдісінде басқа шаралар қолданады. Бқпалы зор үміткерлерге саяси партиялардың көсемдері «патронаж» деген әдісті пайдаланады. Бұл әдістің маңызы мынада: сайлау кезінде көмектескен адамдарға мемлекеттік органдардан бір пайдалы қызметтерді ұсынады. 1966 жылы Тайландта өткен сайлау сайлаушыларға сыйлықтар тарату негізінде өтті. Сондықтан көптеген мемлекеттерде сайлауды өткізу барысында ашықтық талап етіледі. Екіншіден, сайлау компаниясын қаржыландыруды бақылауға алып, нормадан жоғары қаржыландыруға тыйым салынады.

Ботсванада сыбайлас жемқорлықтың қарқынды өсуін тежеуге келесі шаралар көмектесті: шенеуніктердің санын қысқартып, олардың жалақысын көтерді және мемлекеттік мекемелердің құрылымын ықшамдалды, әрі сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне дереу санкция салынды.

ОАР-да бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық деңгейі көптеген еуропа елдеріне қарағанда төмен. Олар қабылданған жаңа заңдардың көмегімен Үкіметті Парламент алдында есеп беруге міндеттеу арқылы, шенеуніктер мен депутаттарға табыстары және басқа да салық төлейтін мүліктері жөнінде

декларация тапсыру және мемлекеттік жүйенің ашықтығын қамтамасыз ететін қадамдарды қабылдау жолымен қол жеткізілді.

Израиль сыбайлас жемқорлықтан жеткілікті түрде ерікті мемлекеттердің бірі болып саналады. Ондағы жемқорлыққа қарсы күрес, Нидерланды елінде қолданылатын шараларға қоса, «мониторинг жүргізудің белгілі қайталануы» жүйесі арқылы жүргізіледі. Израильде шенеуніктер үшін едәуір әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған және сыбайлас жемқорлық анықталған жағдайда олар қатаң жазаланатындықтан, төмен деңгейлі жемқорлық жоқ дерлік. Оның себебі, бұл елдерде мемлекет көп ғасырлы күрес нәтижесінде құрылған.

Әлемнің көптеген елдеріндегі жемқорлыққа қарсы күрес қағидаларының бірі - Заң алдында барлық азаматтардың теңдігі. Жемқорлық қылмыс жасаған азаматтар өздерінің әлеуметтік жағдайына қарамастан Заң алдында жауапкершілікті бірдей тартады. Қытайда ҚХР Мемлекеттік комитеті сыбайлас жемқорлық үшін жаза туралы Қағиданы 1952 жылы қабылдады. Осы Қағидаға сәйкес, сыбайлас жемқорлық - барлық мемлекеттік органдар, мекемелер, оқу орындары және соларға қарайтын бөлімдердің қызметкерлерінің қоғамдық мүддені жамылып жасаған мемлекет құндылықтарына ие болу, алдау жолымен ұрлау, иемдену, басқа адамдардың құндылықтарын сұғанақтыпен алу, пара алумен анықталады. 1997 жылы 1 қазанда ҚХР-ның жаңа редакциядағы Қылмыстық Кодексі күшіне енді. 1979 жылғы Кодекс толықтырылды - 192 бап болған еді, енді 451 болды. Сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік туралы нормаларды қылмыстық-құқықтық және қылмыстық істер деп жеке тарау етіп бөлу жеткілікті негізделген. Ол туралы норма жеке меншікке қарсы қылмыс жөніндегі тарауға енгізілген болатын. Жаңа тарау 394 баптан тұрады. Мысалы, пара алғаны үшін мемлекеттік ұйым айыппұлмен жазаланады, тікелей орындаушы мен ұйымның басшысы жағдайдың ауырлығына байланысты – 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылады немесе тұтқындалады. Сыбайлас жемқорлық және парақорлық үшін жазалау мәселелері жеке нормамен реттелген. Егер сыбайлас жемқорлық немесе пара алу кірісінің сомасы 100 мың юаньнен ($1\text{S}=10$) асып кетсе, онда 10 жылға бас бостандығынан айырылады немесе дүние мүлкі тәркіленеді немесе онсыз өмірлік бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Валюталық қылмыстармен күрес жөнінде Қытайдың тәжірибесі көңіл аудартады, соның барысында бірнеше миллиард доллардың жалған кедендік декларацияларын, жалған шетелдік лицензияларды пайдаланып, банктерден валюта алған фирмалар қатары анықталды, шетелдік келісімдер бойынша жалған аванс төлемдер фактілері және оффшорлық қаржы операциялары көлемінде көптеген заң бұзушылықтар ашылды.

2014 жылдың ақпанында Еуропалық одақ сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы өзінің алғашқы есебін жариялады. Зерттеудің нәтижесінде 41-бетте көрсетілген есептің авторлары пара алушылық, салықтарды төлеуден жалтару, біреуге қамқорлық, ысырап, саяси алаяқтық және т.б. құқық бұзушылықтар Еуропа экономикасына жылына 120 миллиард еуроға түскеніне көз жеткіземіз, бұл ЕО жылдық бюджетінен сәл ғана төмен. Әлбетте, жемқорлық экономикалық шығындарға ұрындырады, сонымен бірге, ол азаматтарды ақшадан ғана қақпайды, сондай-ақ, адал қарым-қатынастың азаюына әкеліп

соғады. Ноттингем Университетінен Саймон Гехтер және Джонатан Шульц жаңа зерттеулерінде 23 елдің еріктілеріне бір экономикалық ойынды ойнауды өтінді. Зерттеушілер ойыншылар жемқорлық барынша белең алған қоғамда өмір сүретін болса, онда олардың өздерінің пайдасы үшін ойын тәртібін зор ықтималдықпен бұзатындығын анықтаған. «Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық әлеуметтік салада үнемі орын алады және оның адамдар психологиясын қалыптастыруы әбден мүмкін». Егер сыбайлас жемқорлық және заңның үстемдігі адамдардың адалдығына сөзсіз ықпал жасаса, онда ол тұрмыста адамдардың өздері қаншалықты адал екендігіне әсер етеді деп Гехтер қорытынды жасайды: «Егер атақтылар алдаса, билік сайлауды бақыласа, бизнес-көшбасшылар ағайынгершілікпен айналысса, онда қарапайым азаматтар тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жасағанда өзін барынша ақталған сезінетін болады» .

Францияның ерекшелігі - соттардың жасаған, Төрелік сот мүшелерінің немесе соттың, не жеке адамдардың шақыруымен келген, екі жақты келістіру үшін сотпен шақырылған сарапшылардың арнаулы паракорлық құрамын бөліп көрсету. Көрсетілген әрекеттер 10 жылға түрмеге жабумен және 1 млн. франк айыппұл төлеумен айыпталады.

Байқағанымыздай, шетел мемлекеттерінде жемқорлыққа қарсы заңнама күресудің барлық құқықтық құралдарын, яғни қылмыстық-құқықтық қана емес, қолдану жағына қарай және жемқорлықтың алдын алу жағына қарай дамып жатқандығы көрініп тұр. Осы елдердегі сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне талдау жасау, Қазақстан үшін тиімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы пайдалы әрі тиімді озық ұлттық стратегияны жасауға көмектеседі. Біріншіден, сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған мемлекеттің жоғарғы басшысының күшті саяси жігері және соның негізінде құрылған мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық сипаттағы сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат. Екіншіден, мемлекеттік әкімшілік жүйесінің бәріне азаматтық қоғам жағынан ұйымдастырылған әлеуметтік бақылау және құқық бұзушылардың қылмыс жөнінде іс қозғау мүмкіндігімен қамтамасыз ету. Үшіншіден, билік жүргізуге ие тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің қызметінің тазалығы жөніндегі мониторингті жүзеге асыруы, тәуелсіз органдардың алдында қатаң есеп беруі. Осы қағидаларды сақтау ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мықты негізі болады деп санаймыз. 2006 жылдың 13 желтоқсанында Париждегі ЭЫДҰ-ның штаб-пәтерінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-қимыл жоспарының 6-шы кездесуінде ұсынылған «Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша Стамбулдың іс-қимыл жоспарындағы ұсыныстарды жүзеге асырудағы Қазақстанның әрекеті туралы» Ұлттық баяндамаға назар аударайық. Бұл баяндаманың алғашқы бетінде-ақ: «Жаңа бағдарлама және іс-шаралар жоспары аталған ағымдағы бағдарламаны қолданудан алынған сабақтарды, елдегі жемқорлық модельдерін талдаудан алынған сабақтарды ескеруі керек және жемқорлық туындайтын салаларға бағытталуы керек. Қабылданған стратегия және іс-қимыл жоспары мемлекеттік қызметкерлер және бүтіндей қоғамда кең таралуын қамтамасыз ету қажет» деп жазылған.

Әдебиеттер: 1-7, 22-24, 50,59,57,72.

Семинар - 1 сағат

Жоспары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің халықаралық стандарттары
2. Полициядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің шетелдік тәжірбиесі.

Әдебиеттер: 1-7, 22-24, 50,59,57,72.

Бірінші сұрақ шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенцияның халықаралық нормаларын қарастыру қажет. Екінші сұрақ бойынша осы құбылысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі шетелдердің практикасын қарастыру қажет.

Әдебиеттер: 1-7, 22-24, 50,59,57,72.

КООЖ - 1 сағат (аудиториялық сабақ).

Өткізілу тәртібі ауызша нысанда.

Тапсырма: Келесі сұрақтарды талқылау

Жоспары:

1. Қазақстан Республикасында нормативті құқықтық актілердің иерархиясы.
2. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл заңнамасы бойынша халықаралық шарттарды енгізілу мәселелері (имплементациялау).

Әдістемелік ұсыным:

Бірінші сұрақ шеңберінде нормативтік құқықтық актілердің иерархиясын анықтап олардың заңды күшін түсіндіріп талқылау қажет. Екінші сұрақ бойынша осы құбылысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі шетелдердің практикасын қарастыру қажет сұрақ шеңберінде біріншіден, Қазақстан Республикасы заңнамасының иерархиясын және ондағы халықаралық шарттардың орнын, сонымен қатар осы саладағы халықаралық шарттардың енгізілу мәселелерін қарастырған жөн.

Әдебиеттер: 1-7, 22-24, 50,59,57,72.

КӨЖ - 3 сағат

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

1. Тақырып бойынша әдебиет зерделеу.
 2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің халықаралық стандарттары мен нормалары», «Қытайдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбына реферат әзірлеу.
 3. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
 4. Талқылау үшін семинар сабағына шығарылатын сұрақтарды әзірлеу.
- Әдебиеттер:** 1-7, 22-24, 50,59,57,72.

3-тақырып. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мемлекеттік саясаты

Дәріс - 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясат бағыттары және жүзеге асыру негіздері.
2. «Қазақстан 2050» стратегиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың идеологиясы ретінде.

Дәріс тезисі:

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының негізгі бағыттары. Сыбайлас жемқорлық адамзаттың ұйымдасқан қоғам пайда болғаннан бері оның құрамдас бір бөлігі болып келетіні ежелден анық. Билік басындағы адамдардың өз құзырын асыра пайдалануына жол бермеу жолдарын қарастыру ежелгі Грекия мен Рим заманындағы зерттеушілер, ғалымдар еңбектерінде маңызды орын алған тақырып. Бүгінгі күні мемлекеттің дамуын тежейтін ішкі факторлардың ішінде сыбайлас жемқорлық, онымен күрес жолы ең күрделі және мемлекеттің халық алдында, халықаралық деңгейде беделін түсіретін құбылыс болып отыр. Жемқорлықпен күрестің әлемдік тәжірибесі көрсетіп отырғандай, оның халықаралық құқық саласында бірауыздан мойындалған анықтамасы жоқ екенін, онымен күрес салдары, тәжірибесі әр мемлекетте әртүрлі болғандығын көрсетіп отыр. Дамыған Еуропа елдері мен АҚШ-та саяси партиялар арасында партиялық сыбайлас жемқорлық етек алған. Дамушы елдерде сыбайлас жемқорлық мемлекеттің аппараттың барлық сатыларында кездеседі.

2015 жылға дейін Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірнеше бағдарламалар жүзеге асырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзара сабақтас, тұрақты мемлекеттік деңгейдегі шаралардың жүзеге асырылуына Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан 2050» стратегиясында көрсетілген міндеттер жаңа қарқын беріп, күрес бағыттарын айқындай түсті. «Қазақстан 2050» стратегиясымен белгіленген жаңа міндеттер арасында онымен күресті жалпы халықтық деңгейге көтеру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын нығайту, қоғамның барлық салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, мемлекеттік органдарға халықтың бақылауын күшейту бар.

Елбасының «Қазақстан 2050» стратегиясында айтылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа бағытын жүзеге асыру мақсатында көптеген мемлекеттік органдарда, қоғамдық-саяси ұйымдарда 2015 жылдан басталатын сыбайлас жемқорлықпен күрестің салалық бағдарламалары қабылданды.

2014 жылдың 11 қарашасында жан-жақты қоғамдық талқылаулардан соң «Нұр Отан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасы жарияланды. Оның басты мақсаты – кез келген жемқорлық белгілеріне мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастырып, бұған бүкіл қоғамды тарту. Алдағы онжылдықта «Нұр Отан» партиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, оның алдын алу, мемлекеттік басқару органдарында қоғамдық бақылауды күшейту, жергілікті басқару өкілеттігін кеңейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру міндеттерін жүзеге асырады.

2015 жылғы 1 сәуірде мақұлданған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің сыбайлас жемқорлықпен күрестің әдістемелік ұсынымдары кадрлық мәселелерінде оны түп-тамырымен жоюға бағытталған. Әдістемелік ұсынымдарда кадрларды таңдау, дайындау, біліктілік жоғарылатуда жемқорлық белгілерінің алдын алу, министрлік құзырындағы мекемелерде кадрлар құрамына жауапты тұлғалар және олардың жауапкершілігі анықталған.

Алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықпен күрес тек атқарушы немесе басқарушы биліктің ғана емес, жалпыұлттық, халықтық мақсатқа айналуы тиіс, тек сонда ғана осы қоғамдық індет тамырына балта шабылады.

Сыбайлас жемқорлық елдің ұлттық мүдделеріне, экономикалық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіріп қана қоймай, сонымен қатар бүкіл халықаралық қоғамдастықтың мүдделеріне қауіп төндіреді. Дәл осы себептен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың маңызы БҰҰ құжаттарында және бірқатар басқа да халықаралық ұйымдардың құжаттарында ерекше атап көрсетіледі.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтау және оның жолын кесу үшін арнайы құрылған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюросы жұмыс істейді.

Жаңа бағдарлама – «Электрондық Үкімет» енгізілді, онда мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету және, сәйкесінше, олардың қоғамдық институттардың бақылауында болуын қамтамасыз ету көзделген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері маңызды орын алады. Бұл бүкіл халықаралық қоғамдастық шарттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау қажеттілігінен туындаған өте дұрыс қадам.

Жалпы Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының нысанасы екі негізгі мақсатқа бағытталған: бірінші – кішкентай кезінен бастап, ұлттық дәстүрлерді ескере отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру; екінші – мемлекеттік органдар қызметін қоғамдық бақылауды дамыту. Transparency International – Халықаралық бейүкіметтік ұйымның

2016 жылдағы жемқорлықты бағалау Индексіне сәйкес (Corruption Perceptions Index 2016), Қазақстан 175 елдің ішінде 131-орында тұр (төменгі орын сыбайлас жемқорлықтың жоғары көрсеткішін білдіреді). Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың деңгейі 1999 жыл мен 2016 жылдар аралығында орта есеппен 113,39 көрсеткішті көрсетсе, 2007 жылы – 150 орынды, 2007 жылы – 65 орынды иеленген.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңымен сыбайлас жемқорлықтың жаңа анықтамасы енгізілді, ол мүліктік қана емес, сонымен қатар мүліктік емес игіліктер алу немесе табу, оның ішінде үшінші тұлғаларға қатысты пайда табу деген ұғымды білдіреді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тізбесі алынып тасталды, олар абыройға нұсқан келтіретін теріс қылықтар қатарына ауыстырылды.

Мемлекеттік қызмет институты да айтарлықтай реформаға ұшырады. 2016 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заңмен меритократия, кәсібилік, есеп берушілік және бақылауда болушылық, қоғамдық пікірді ескеру және ашықтық секілді негізгі принциптерге негізделген мәнсаптық модельге көшу жүзеге асырылды.

Мемлекеттік қызметке іріктеу кезінде және одан әрі жоғарылату кезінде білімі, еңбек өтілі, сондай-ақ қызметшілердің атқаратын лауазымында лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы үшін қажетті құзыреттіліктердің болуы басты назарға алынады.

Мемлекет басшысының меритократияны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөніндегі тапсырмаларын іске асыруда «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Әдеп кодексінің қабылдануы ерекше орын алады. Кодексте мемлекеттік қызметшілердің моральды-этикалық бейнесіне қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ олардың мінез-құлқының базалық стандарттары айқындалды.

Мемлекет басшысының осы Жарлығымен Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді, оның құзыреттерінің бірі ретінде қызметтік әдеп нормаларын сақтауды қамтамасыз ету және мемлекеттік қызмет туралы заңнама бұзушылығының алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау айқындалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде ел Президенті қылмысқа қарсы күрес жөніндегі үйлестіруші ретінде айқындаған прокуратура да сүбелі үлес қосып келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоғары қадағалаудың және басқа да лауазымдық қызметтің барлық қосалқы атқарымдардың тұрақты басымдықтарының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, қоғамдық резонанс тудырған лауазымдық сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы істер арнайы прокурорлар өндіріске қабылдайтын басым істер ретінде айқындалды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

- жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдемдескен адам мемлекеттің қорғауында болады;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық Бюросы (өңірлерде — аймақтық Департаменттер) сыбайлас жемқорлықпен және жемқорлық қылмыстармен күресте уәкілетті орган болып табылады, және экономикалық және қаржылық қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңсыз қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау қызметті жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет.

Әсіресе, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдарында қауіпті болып есептеледі. Бұл жағдайда ол мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауда беделін түсіретін өкілеттілігінің және қатаң құқықтық есеп берудің, шенеуніктерді қадағалаудың жоқтығынан биліктің монополияға айналуына әкеліп соқтырады. Ол еліміздің, қоғамымыздың және жекелеген азаматтардың мүдделеріне көп зиян келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқада шаралар қолданылуда.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған мезеттен бастап бұл аса ауыр қылмыстарға қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Әрине, бұл қылмыстармен күресте қылмыстық-құқықтық шаралардың маңызы ерекше. Сөйтсе де, оларды болдырмауда, ал орын алған жағдайда, жасаған адамдарды жазалауда тәртіптік, әкімшілік және азаматтық жауаптылық шараларында кеңінен қолданған жөн.

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі, сондықтан, мемлекеттік қызметкерлердің қатарын мемлекеттің мүддесін

жоғары дәрежеде қорғай білетін кадрлармен толықтыруды, кездойсоқ адамдардың мемлекеттік қызметке кіріп кетпеуін қамтамасыз ететін қосымша жан-жақты шараларды күшейту қажеттілігін арттырған дұрыс.

Әдебиеттер: 1-8,22-24,36,39,47,59,79-81

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясат бағыттары және жүзеге асыру негіздері.
2. «Қазақстан 2050» стратегиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың идеологиясы ретінде.

Әдістемелік ұсыным:

Бірінші сұрақ шеңберінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясат бағыттары және жүзеге асыру негіздері барлық кезеңдерің қарастыру қажет. Екінші сұрақ бойынша осы құбылысқа «Қазақстан 2050» стратегиясын толығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімін қарастыру қажет.

Әдебиеттер: 1-8,22-24,36,39,47,59,79-81

Практикалық сабақ – 1 сағат

Жоспар - тапсырма: оқу әдебиеттерін пайдалана отырып, келесі кестені құрастырыңыз:

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларының қалыптасу кезеңдері.

Кезең	Уақыт аралығы	Қайта құру мәні	Жаңа құқықтық акті

Әдістемелік ұсыным:

Кестені құрастыру барысында нақты бір кезеңді және уақыт аралығындағы жаңа құқықтық актілерді алып олардың қайта құрылу мәндерін ашу керек. Мысалы:

Кезең	Уақыт аралығы	Қайта құру мәні	Жаңа құқықтық акті
4	2015-2025жж.	- Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған	- Қазақстан

	<p>сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы талдау жүргізіңіз. Келесідей сұрақтарға жауап беріңіз:</p> <p>- Құжатта сыбайлас жемқорлыққа қатысты қандай маңызды ұсыныстар көзделген? мысал үшін, лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы шаралар т.б. Өз ойыңызды зерделеңіз.</p> <p>- Бұл құжатта құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігі бекітілген бе?</p>	<p>Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 .</p>
--	--	---

Әдебиеттер:1-8,22-24,36,39,47,59,79-81

КООЖ – 1 сағат(аудиториялық емес сабақ).

Жоспар:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңды зерделеу, конспектілеу.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы №31 Заңы зерделеу, конспектілеу.

3. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды зерделеу.

4. Кесте құрау

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық нормалар	Конституция	Халықаралық шарт	ҚР Заңы

1. Тақырып бойынша есептер құрау:

- үш есеп – баға «қанағаттанарлық»
- төрт есеп – баға «жақсы»
- бес есеп – баға «өте жақсы»

Баға қою кезінде оқытушы жасалған орындалған жұмыстың сапасын, олардың мазмұндық бөлігін бағалайды.

Әдістемелік ұсыныс

Сабақтың басында курсанттардың арасында тараудың мәселесі бойынша көңіл-күй қалыптастыру үшін, түрлі пікірталасты әдістемелерді пайдалану

қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бекітетін халықаралық және ұлттық актілерді зерделеудің зор маңызы бар.

Әдебиеттер:1-8,22-24,36,39,47,59,79-81

КӨЖ- 5 сағат

1. Семинар сабағының сұрақтарын дайындау.
2. Глосарий құрау.
3. Өткен тақырып бойынша тестіге дайын болу.

Әдебиеттер:1-8,22-24,36,39,47,59,79-81

4-тақырып. Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің құқықтық негіздері

Дәріс - 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуының құқықтық негіздері.
2. Полиция қызметінің этикалық нормалары және сыбайлас жемқорлық мәдениеті.

Дәріс тезисі:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі адам мен азаматтың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі басым міндеттерден шыға отырып, іргелі жалпы адами және кәсіби адамгершілік құндылықтарды, азаматтық және қызметтік борыш талаптарын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс кодексін (бұдан әрі – Кодекс) қабылдайды.

Ішкі істер органдарындағы қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының халық пен мемлекеттің алдындағы қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын орындауымен байланысты мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Қызмет өткеру олардың тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және ішкі істер органдары қызметкерінің адамгершілігіне және моральдық келбетіне жоғары талаптар қояды. Қоғам ішкі істер органдарының қызметкері барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін жүзеге асырып жатқан кәсіби қызметіне жұмсайды, қоғамға адал әрі қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді.

Мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу мақсатындағы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бірқатар әкімшілік-құқықтық құралдары бар.

Мүдделер қақтығысының алдын алуға бағытталған нормалар толықтай алғанда мына нормативтік құқықтық актілер қатарында бекітілген: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, «Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық

кодексі), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» Заңдарында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексінде (Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидалары) .

Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V Заңының 1-бабының 5-тармағына сәйкес, мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда осы аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.

Аталған Заңның 15-бабы мүдделік қақтығыстар туындап қалған жағдайда менеджменттің жалпы механизмін анықтайды, ал ол жалпы сипатта мемлекеттік қызметшілер мен олардың тікелей басшыларының мүдделер қақтығысын алдын алу мен шешу бойынша шаралар қолданып, өздерінің міндеттерін мына жолдармен шешуді белгілейді:

1) адамдарды лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетуге және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерді орындауды басқа адамға тапсыруға;

2) лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою бойынша өзге де шаралар қабылдауға міндетті.

2016 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері бойынша министрлігі (кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі болып құрылған) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы мәселелері әдістемелік оқу құрал шығарды, онда мемлекеттік қызметшілер мен олардың басшыларының іс-әрекеттерінің алгоритмдері мен мүдделер қақтығысының неғұрлым типтік жағдайларының жіктелімі ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттік биліктің беделін түсіруге ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге, заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, адал, әділ, қарапайым да сыпайы болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға міндетті болып табылады. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қызметте, тұрмыста айналасындағылармен жоғары әдептілік пен этикалық қарым-қатынастың үлгісін көрсетуге, іскерлік этикетті сақтауға, ресми мінез-құлық ережелерін құрметтеуге тиіс. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүддесінде, оның ішінде өзінің оларға деген қарым-қатынасын насихаттау үшін қызметтік

жағдайы мен оған байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбауға тиіс. Органдар мен бөліністердің басшылары қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметтеріне қатысуға қарамағындағы қызметкерлерді тарта алмайды. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға немесе сыбайлас жемқорлықпен ұштасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдайлар жасайтын әрекеттерге жол бермеуге, мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс және оны болдырмауға міндетті. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы шынайы ақпарат алған кезде уәкілетті мемлекеттік органды, жоғары тұрған басшыны, мемлекеттік органның басшысын ақпараттандыруға тиіс. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат алғаннан кейін ішкі істер органының басшысы ол бойынша, оның ішінде қызметкердің әрекеттерінде заңнаманы бұзушылық болмаса, оны келешектегі қызметтік жұмысына, құқығы мен заңды мүдделеріне теріс ықпал ететін заңсыз қудалаудан қорғау бойынша тиісті шаралар қабылдайды. Өзінің әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеуге тиісті осының негізінде құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ат салысады. Мемлекетке келтірілетін экономикалық залалды болдырмау бойынша барлық мүмкіндіктерді пайдалануға, жеке мүддесі мен үшінші адамның мүддесінде тексерістерге бастама көтеруге жол бермеуге тиісті болып табылады. Жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбауға тиіс және әрбір жасаған әрекеттері тек қана заң шеңберінде жүзеге асырылуы қажет.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мемлекеттік саясат пен қызметтік жұмыс мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;

мемлекеттің лауазымды адамдарының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына этикаға жатпайтын сөздерді қамтыса, көпшілік алдында білдірмеуге тиіс.

Ішкі істер органдарының мемлекеттік саясатты жүргізумен, мемлекеттік орган қызметкерлерінің қызметімен байланысты емес мәселелер бойынша мемлекеттік органның атынан жарияланымдар жасауына жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет жөніндегі материалдарды жариялауды ішкі істер органдарының қызметкерлері жеке тұлға ретінде тек өз атынан жүзеге асырады. Ішкі істер органдарының қызметкеріне сыбайлас жемқорлық жасаған, оның ішінде кәсіпкерлік қызметпен айналысқан, біреулердің мүдделерін қолдаған, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің табысымен салыстыруға келмейтін заңсыз табыс пен мүлік алған деп негізсіз көпшілік алдында айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзім ішінде оны теріске шығару, оның ішінде сот арқылы теріске шығару бойынша шаралар қабылдауға тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы, ішкі істер

органдарының қызметкерлері қызметтен тыс уақытта мәдениетті болды міндеттеді. Жалпы қабылданған этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлыққа жол бермеуге, қарапайымдылық танытуға, көліктік, сервистік және өзге де қызмет көрсетулер алған кезде мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жағдайын атап көрсетпеуге және пайдаланбауға, қоғамның тарапынан өзінің әрекеттерін негізсіз сынауға жол бермеуге тиіс және мемлекетпен қабылданған заң талаптарын және бағдарламалардың орындалуында ат салысуға міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттік биліктің беделін түсіруге ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

2) заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;

3) қоғам мен мемлекеттің игілігіне қызмет етуге;

4) мемлекеттің мүддесіне залалын тигізетін, мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

5) сеніп тапсырылған мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарап, оны тиімді пайдалануға, бекітілген қарудың, өзге де қару-жарақ пен арнайы техниканың, қызметтік құжаттар мен куәліктің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғауды қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қабылдауға;

7) қоғамның ішкі істер органдарына деген сенімін сақтауға және күшейтуге;

8) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, оң сын-ескертпелерді, кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

9) адал, әділ, қарапайым да сыпайы болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға;

10) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа да тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

11) қызметтік тәртіпті бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, әділ және сапалы атқаруға; жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;

12) жоғары кәсіби жұмыс үшін қажетті күш-жігерін салуға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы әрі үнемді әдістерін қолдануға;

13) ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

14) кадрларды туысқандық, жерлестік және жеке өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

15) қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға, анық орындалмайтын өкімдер бермеуге, қарамағындағы қызметкерлерден олардың қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмаларды орындауды талап етпеуге;

16) қарамағындағы қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адами қадір-қасиетін қорлауға, жөнсіздік фактілеріне жол бермеуге;

17) қарамағындағы қызметкерлерді құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалармен үйлеспейтін іс-әрекеттер жасауға мәжбүр етпеуге;

18) кәсіби дайындықтың, оның ішінде орындалуы қарамағындағы қызметкерлердің функциялық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша дайындықтың қажетті деңгейіне ие болуға;

19) басқа қызметкерлердің тарапынан қызмет этикасы нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуге;

20) нысанды киім кию ережесін бұлжытпай сақтауға, жинақы және ұқыпты болуға тиіс.

Әдебиеттер: 1-8,22-24,47,50,53,59, 60,79,91.

Семинар - 1 сағат

Жоспары:

1. Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуының құқықтық негіздері.

2. Полиция қызметіндегі этикалық нормалар.

Әдістемелік ұсыным:

Бірінші сұрақ шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасының нормаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын қарастыру керек. Екінші сұрақ бойынша курсанттардың полиция қызметіндегі этикалық нормаларды меңгерулерін қамтамасыз ету қажет. Сұрақты қарастыру кезінде мемлекеттік қызметкердің этикалық кодексін қолданған жөн.

Реферат тақырыптары:

1. Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуының құқықтық негіздері.

2. Полиция қызметіндегі этикалық нормалар.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін ПО қызметкерлерінің жауапкершілігі.

4. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлық.

Әдебиеттер: 1-8,22-24,47,50,53,59, 60,79,91.

Тәжірибелік сабақ - 1 сағат

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:

Тапсырма: кестені құрау

Ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың көріну (байқалу) мүмкіндіктері	Мәнісі және мысалдар
1. Жүйелі сыбайлас жемқорлық қатынастары	Мысалы, өзіндік қауіпсіздік бөлімшелері қызметінің тиімсіздігі; ПО кадрларды іріктеу және орналастырудағы кемшіліктер, қызметкерлермен психологиялық және тәрбие жұмысын жүргізудегі кемшіліктер, бос орындарға байқаудың жоқтығы; ІІМ ұзақ жылдар бойы қызмет еткен міндеттерді қою жүйесі, олардың орындалуы туралы есебі және жекелеген бөлімшелер мен қызметкерлердің қызметтерін бағалау; ішкі істер органдарын жеткіліксіз қаржыландыру, жеткіліксіз материалдық-техникалық қамтамасыз ету
2. Дәлме-дәл сыбайлас жемқорлық қатынастар	
3. Ақшаны күштеп алу	
4. Жәбірленушіден заңсыз сыйлық алу	
5. Бағынышты қызметкерлерден заңсыз сыйлық алу	
6. Өзінің қызметтік өкілеттігін жеке басы мүддесі үшін немесе үшінші бір тұлғалардың мүддесі үшін заңсыз пайдалану	
7. Бизнес бойынша бәсекелестер туралы ақпарат жинау.	

Әдебиеттер: 1-8,22-24,47,50,53,59, 60,79,91.

КОӨЖ – 1 сағат(аудиториялық емес сабақ).

1.Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің құқықтық негіздері бойынша этика ережелерін конспектілеу.

2.«Қоғамдық этика» тақырыбында эссе жазу.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:

Берілген тапсырманың орындалу мәнісі курсант өзінің болашақ қызметіндегі жемқорлықтың болу мүмкіндігі нысанын дәптерінде дербес көрсетеді және нақты мысалдар келтіреді. Әрине бұл білім алушыны даярлауда психологиялық маңызға ие болады.

Тапсырманы орындау шеңберінде әрбір фактордың мәнін жазбаша ашу қажет және нақты мысалдар келтіру керек. Содан соң оқу тобында оқытушымен бірлесіп әрбір факторды және әрбір мысалды талқылау қажет.

Әдебиеттер: 1-8,22-24,47,50,53,59, 60,79,91.

КӨЖ – 5 сағат

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

1. Тақырып бойынша әдебиет зерделеу.
2. «Полиция қызметіндегі этикалық нормалар» тақырыбына реферат әзірлеу.
3. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
4. Талқылау үшін семинар сабағына шығарылатын сұрақтарды әзірлеу.

Әдебиеттер: 1-8,22-24,47,50,53,59, 60,79,91.

5 - тақырып. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруды қалыптастырудағы азамттық қоғамның рөлі

Дәріс - 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам: ұғымы және белгілері.
2. Қоғамдық институттар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл механизмдері.

Дәріс тезисі:

Құқықтық мемлекет — конституциялық басқару тәртібі, дамыған құқықтық жүйе мен тиімді сот билігі бар мемлекет нысаны.

Құқықтық мемлекет – өзінің негізгі институттары ретінде билік бөлінісін, сот тәуелсіздігін, басқару заңдылығын, мемлекеттік билік тарапынан азаматтардың құқы бұзылуына жол бермеуді және оған қоғамдық мекеме тарапынан тигізілген залалдың құнын өтеп алуды қарастыратын мемлекет. Құқықтық мемлекет идеясының сан ғасырлық тарихы бар. Ол сонау ежелгі дәуірден бастау алады. Құқықтық мемлекеттің философиялық негізін И. Кант жасады.

Қазіргі ғаламдық әлемде құқықтық мемлекет тұжырымдамасы мемлекет, қоғам және азаматтың арақатынасын қалыптастырудың әмбебап идеалы болып отыр. Құқықтық мемлекет идеясының мәні - оның бірізді демократиялылығы, билік көзі ретіндегі халық егемендігін бекіту, мемлекеттің қоғамға бағынуы. Құқықтық мемлекет идеясындағы бастысы - мемлекеттің және оның органдарының зорлық-зомбылығынан, басынуынан азаматтарды қорғау кепілі болатын мемлекеттің құқықпен байланыстылығы. Құқықтық мемлекет ең алдымен, барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және азаматтар бағынуы тиіс өзіндегі құқықтық ережелермен өзін-өзі шектейтіндігімен ерекшеленеді, ал ондағы басты принцип - құқық үстемдігі.

Құқық үстемдігі деген ең алдымен заң үстемдігін білдіреді. Басты, маңызды, негізгі қоғамдық қатынастар заңмен реттеледі. Қоғам өмірінде заң үстемдігі арқылы, барлық саяси институттарда жоғарғы құқық бастаулары, құқық рухы енгізіледі. Осылайша, азаматтардың құқықтарының шынайылығы әрі мызғымастығы, олардың сенімді құқықтық мәртебесі, заңдық қорғалуы қамтамасыз етіледі. Құқықтық мемлекет - ең алдымен, құқықтық мемлекет идеялары іске асқан конституциялық мемлекет. Конституциялық құрылымның негізгі қағидаттары, қоғам дамуының маңызды бағыттары, оның басты идеялары конституциялық деңгейде бекітіледі. Конституция құқықтық жүйенің орталығы болып табылады. Соның негізінде құқықтық мемлекеттегі заңдылық тетіктері қалыптасады. Құқықтық мемлекет атауы алғаш рет XIX ғасырдың бірінші ширегінде пайда болып, кейін Еуропаның бірқатар елдеріне таралды. Бірақ құқықтық мемлекет туралы негізгі көзқарастар антикалық заманда қалыптасып, мемлекет пен құқықтың арақатынасы жайлы тұжырымдамалар жасалған еді. Жаңа заманда құқықтық мемлекет туралы көзқарастардың қалыптасуы табиғи құқық доктринасының бекітілуі, зайырлы заң дүниетанымының пайда болуы мен нығаюы, абсолюттік және полициялық тәртіпті сынға алу, адамдардың бостандықтары мен теңдігін, мызғымас құқықтарын тану, биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөліну тұжырымдамасының қалыптасуы, конституционализм теориясы мен тәжірибесінің дамуы арнасында жүрді. Бұл ережелердің жасалуына Г. Гроций, Б. Спиноза, Дж. Локк, Ш. Монтескье, Д. Адамс, Д. Медисон, т.б. қомақты үлес қосты. Құқықтық мемлекетте биліктің, азаматтың, қоғам мен құқықтың теңдігі және олардың заң алдындағы құқықтық теңдігі негізгі орын алады. Құқықтық мемлекетте қоғам өмірі заңмен реттеледі, заң үстемдік еткен жағдайда, сот ісі тәуелсіз болып, тек заңға бағынады. Құқықтық мемлекет әрбір жеке адамның заңды мүдделерінің, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына кепілдік беруі, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, олардың бірлестіктері мен қауымдастығын қамтамасыз етуге тиіс. Оның негізгі белгілері: құқықтық заңның үстемдігі, билік бөлінісі қағидаларын конституциялық-құқықтық реттеу негізінде егеменді мемлекеттік биліктің ұйымдасуы мен қызмет етуі, индивид, қоғам мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасының құқықтық нысаны. Құқықтық мемлекетте қоғам, топ мүшелері мен азаматтар қауымдастықтарының мемлекет алдында, жалпы мемлекеттің, оның органдары мен басқармаларының, лауазымды адамдардың қоғам, азаматтар алдындағы жауапкершіліктерінің қатаң тәртібі орнауы қажет. Құқықтық мемлекетте биліктің бір адамның, органның немесе әлеуметтік топтың қолында шоғырлануына жол берілмейді. Өзінің жетілген үлгісінде құқықтық мемлекет тұжырымдамасы биліктің барлық институттарының өкілді болуын, лауазымды адамдардың сайлануын білдіреді. Құқықтық мемлекет жағдайында сот әділдікті жақтаушы, кең мағынада құқықты қорғаушы, негізгі міндеті – адам құқықтарын қорғау болуы тиіс. Қоғам мен мемлекеттің өзара байланысы, өзара тәуелділігі мемлекет заңдарында көрсетілген құқықтар мен міндеттер арқылы жүзеге асады. Қазіргі кезде құқықтық мемлекет тұжырымдамасы адам құқықтарымен тығыз байланыста қарастырылады және

адамның жеке, азаматтық, саяси және экономикалық құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын білдіреді.

Азаматтық қоғам – саяси өкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы. Азаматтық қоғам - ол жеке тұлғаның негізгі құқықтыры мен еркіндіктері заң жүзінде қамтамасыз етілетін және саяси қорғалатын, мемлекеттен тыс қатынастар саласы үйлесімді дамыған қоғам. Оны ішкі мемлекеттік қатынастардың дамуына ықпал жасайтын адамдар топтарының ұйымдасқан әрекеті ретінде де анықтауға болады. Қоғам мүдделеріне бағытталған азаматтық бастама азаматтық қоғамның маңызды белгісі болып табылады. Дамыған демократиялық мемлекеттер, сонымен қатар өркендеген азаматтық қоғамдар да болып табылады. Сонымен бірге азаматтық қоғамның дамуына бағытталған түрлі әлеуметтік топтардың немесе жеке азаматтардың бастамалары (азаматтық бастамалар аталынатын) мемлекет арқылы қабылданады және оны жетілдіре түсеі. Дамушы және «өтпелі экономика» мемлекеттеріне жататын елдерде жағдай біршама басқаша. Соңғылары азаматтық бастамалар мемлекет құрылысының тікелей міндеттері шектерінен шығып кетуіне байланысты азаматтық бастамаларға күдікпен қарайды.

Бүкіл адамзат үшін жарқын болашаққа үміт беретін бірден-бір жол, ол өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық жолы, мұнда барлық қоғамдық күш-жігерлер - мемлекеттер, жеке сектор, білім беретін және зерттеу мекемелері, барлық нысандағы азаматтық қоғам - нақты, қол жететін мақсаттарға ұмтылу үшін өз күштерін біріктіреді.

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық әлемді аландатып отырған аса өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с., осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Алайда, Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында заңнамалық тұрғыда нормативтік-құқықтық база қалыптасқан. Көптеген зерттеушілер осы саладағы заңнама нормаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларына жоғары баға бергенімен, оларды шынайы өмірде жүзеге асыру кезінде кейбір нормалардың қажетті деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға қауқарсыз екендігі байқалады. Сол себепті, осы мәселеге мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев тарапынан жыл сайын Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларында көп көңіл бөлінеді.

Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Қазір елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары болып табылады. Осы бағытта бірқатар бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылуда, мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында міндеттерді іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Құқықтық мемлекеттілік азаматтық қоғаммен табиғи байланысқан, ол онсыз қалыптасып, қызымет етіп өркендей алмайды. Азаматтық қоғам - құқықтық мемлекеттің маңызды компонентері пайда болып, бекіп, өзінің тіршілікке қабілеттілігі мен өміршендігін көрсететін, жетілдірілетін және олар үшін өзіндік бір «тіршілік ету ортасы» болып табылатын, оларға қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасайтын айқын әлеуметтік – экономикалық қондырма. Құқықтық мемлекет құрудағы табыстар, бұл процестің өрісі мен қарқыны оның оң және теріс нәтижелерінің ара қатнасы азаматқа дейінгі қоғамның азаматтық қоғамға айналу дәрежесіне тура пропорционал тәуелді болып табылады. Құқықтық мемлекеттің құрылуы мен дамуы өз кезегінде азаматтық қоғамның нығаюы мен жетілуін жеңілдетеді, және құқықтық емес мемлекеттің құқықтық мемлекетке ауысу процесі біріншісінен екіншісіне айналуы неғұрлым кең өріс алса, азаматтық қоғамға тірек болатын және оған қызымет көрсететін тіректер мен құрылғылар солғұрлым сенімдірек, мықтырақ болады.

Басқаша айтқанда, қоғамдық өмірдің аталған екі құбылысының (құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам) арасында өзара келісушілік пен өзара іс-қимыл нысанасында екі жақты тәуелділік бар: іс жүзінде олардың біреуі екіншісінен тіршілік ете алмайды; бұдан былай олар бір біріне серік болады, олардың қызымет етуінің нәтижесі бір бірімен тығыз байланысты және олардың әрқайсысына тікелей әсер етеді.

Азаматтық қоғам әдетте, жеке меншіктің және нарықтық қатнастардың, орта таптығы меншік иелерінің ролінің арта түсуімен, бәсекелестік, шұғылдық, парасатты есептей білу негізіндегі шаруашылық және коммерциялық табыстарға қол жеткізілуімен сипатталады. Әлеуметтік толысудың белгілі бір деңгейіне жеткен соң азаматтық қоғам мемлекеттің диктатын өзіне дарытпайтын жағдайда болады, онымен тең және белгілі бір тепе – теңдік орнатып, үйлесімді қатнастар мен өзара әрекеттестікті қалпына келтіреді. Азаматтық қоғамның одан әрі жетілдірілуіне қарай онда мемлекетпен, социумдарымен, жеке тұлғалармен байланыстары жаңа деңгейге көтеріледі, олардың біреуінің екіншісінен шектен тыс басымдығы болмайды. Қоғамда пайда болған жанжалдар, қарама – қайшылықтар және шиеленістер жария құралдармен, зорлықсыз, басып – жаншусыз, революциясыз шешіледі.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам бір – біріне жақын болғанымен әр түрлі мәселелерді тікелей шешеді. Егер мемлекет өзінің конституциялық және заң актілерінде жеке адамның құқықтық мәртебесін баянды ететін болса, онда азаматтық қоғам оны жоғары әлеуметтік мәртебемен қамтамасыз етеді. Мәртебенің бұл екі түрі жеке адамның өмірі тіршілігінің әр түрлі жақтарына акцент береді, бірін бірі толықтыра отырып, оған өзінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Әлеуметтік мәртебе материалдық, ұйымдастырушылық – техникалық мүмкіндіктерді, сондай – ақ әрбір.

Әдебиеттер: 1,4-5,7-8,39-46,59,66,82-86.

Семинар - 1 сағат

Жоспары:

1. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет ұғым және белгілері.
2. Қоғамдық институттар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл механизмдері.

Әдістемелік ұсыным:

Бірінші сұрақ шеңберінде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің ұғымын және белгілерін қарастыру қажет, азаматтық қоғамның элементтерін және жалпы алғандағы олардың мемлекетке әрекет ету мүмкіндігін қарастыру қажет. Президенттік және парламенттік басқару нысаны бар шетел мемлекеттерінен мысалдар келтіру. Екінші сұрақ бойынша полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық көрінісіне қарсы іс-қимылдың механизмдерін азаматтық қоғам институттары жағынан бағалануын қарастыру қажет. ПО-на азаматтық қоғамның бақылауын күшейту бойынша мемлекеттік стратегияны талқылау.

Әдебиеттер: 1,4-5,7-8,39-46,59,66,82-86.

КОӨЖ – 1 сағат(аудиториялық сабақ).

Тапсырма: кесте құрастыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуші субъектілер	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуші субъектілердің құзыреттері	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуші субъектілердің өкілеттіктері

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы азаматтық қоғам түрлерін жіктеу және мазмұнын жазу.
- 2) Шетел мемлекеттеріндегі азаматтық қоғам және құқыққорғау қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті.

Әдістемелік ұсыным:

Аталған тапсырманы орындау барысында бірінші бағанаға сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуші субъектілердің түрлерін, сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы әрекет етуші органдардың атауларын және аталған түрге қатыстылығын жазып көрсету керек. Екінші бағана бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуші субъектілердің құзыреттері мен аталған түрге қатыстылығын жазып көрсету керек. Үшінші бағана бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуші субъектілердің өкілеттіктері мен аталған түрге қатыстылығын жазып көрсету керек.

Әдебиеттер: 1,4-5,7-8,39-46,59,66,82-86.

КООЖ – 1 сағат(аудиториялық емес сабақ).

Реферат тақырыптары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы азаматтық қоғамның рөлі.
2. Қоғамдық институттар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл механизмдері.
3. Құқықтық мемлекет.
4. Азаматтық қоғам.
5. Қазақстан Республикасы ПО-ның азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекеттесуі.

Әдебиеттер: 1,4-5,7-8,39-46,59,66,82-86.

КӨЖ – 2 сағат

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

1. Тақырып бойынша әдебиет зерделеу.
2. «Полиция қызметіндегі этикалық нормалар» тақырыбына реферат әзірлеу.
3. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
4. Талқылау үшін семинар сабағына шығарылатын сұрақтарды әзірлеу.

Әдебиеттер: 1,4-5,7-8,39-46,59,66,82-86.

6-тақырып. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түру бойынша мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері

Семинар - 1 сағат

Жоспары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жүйесі.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша полицияның мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекеттестігінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері.

Әдістемелік ұсыным:

Бірінші сұрақ шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік органдардың құрылымын қарастыру керек, қызмет жасауына және олардың есеп беру жүйесіне мысалдар келтіру. Екінші сұрақ бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша полицияның мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекеттестігінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін қарастыру.

Реферат тақырыптары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жүйесі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша полицияның мемлекеттік органдарымен өзара іс-әрекеттестігінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері.

3. «Қазақстан–2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

4. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауларында

Әдебиеттер: 1,4,7,8,39-46,59,66,82-86.

Тәжірибе - 1 сағат

Сабақ мақсаты - «Қазақстан–2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауларында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың егемендік, еркіндік пен демократияға негізделген мемлекет пен қоғам құрылысының маңызды тарихи кезеңдеріне тоқталу, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі одан әрі дамуының стратегиялық бағыттарын айқындап беру.

Партия көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұр Отанның» XV Съезіндегі «саяси көшбасшылықтың түбегейлі мәселесі – біздің сыбайлас жемқорлықпен ымыраға келмейтін стратегиямыз» деген тұжырымын қоғамның қазіргі үмітіне толық сай етіп мысалдар қарастыру.

Әдебиеттер: 1,4,7,8,39-46,59,66,82-86.

КООЖ – 1 сағат(аудиториялық емес сабақ).

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жүйесі туралы конспект жазу.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы ЕРЕЖЕНІ талдау және конспектілеу.

Әдебиеттер: 1,4,7,8,39-46,59,66,82-86.

КӨЖ – 3 сағат

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

1. Тақырып бойынша әдебиет зерделеу.

2. «Полиция қызметіндегі этикалық нормалар» тақырыбына реферат әзірлеу.

3. Тақырып бойынша глоссарий құрау.

4. Талқылау үшін семинар сабағына шығарылатын сұрақтарды әзірлеу.

Әдебиеттер: 1,4,7,8,39-46,59,66,82-86.

(II блок 7-12 тақырыптар)

7 – тақырып. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы

Дәріс – 1 сағат.

Дәріс жоспары:

1. Сыбайлас жемқорлық түсінігі және оның белгілері
2. Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің күйі, деңгейі және динамикасы
3. Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің құрлымы мен сипаты.

Дәріс тезисі:

Сыбайлас жемқорлық (лат. сөзінен *corruptio* – параға сатып алу, *corrumpere* — «құртылу») – мүлікті және мүліктік емес игіліктерді және кез-келген пішінде артықшылықтарды заңға қайшы алу үшін заң өкілдерімен өзінің қызметтік мәртебесін қасақана қолданумен айқындалатын саясат және мемлекеттік басқару саласында қоғамдық қауіпті құбылыс. Ұғым жинақталған және тәртіптіктен қылмыстық-құқықтыққа дейін ең алуан түрлі құқық бұзушылықтарды анықтайды. Сыбайлас жемқорлық — орнатылған ережелерге (заңдылыққа) қайшы келетін жеке басты пайда көру мақсатымен лауазымдық тұлғамен өзінің билік құзіретін және оған сенілген құқықтарды қолдануды белгілейтін термин. Термин төрешілдік аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Макроэкономикалық және саяси экономикалық зерттеулерге сәйкес сыбайлас жемқорлық кез-келген түрлендірулерге қауіп төндіре алатын экономикалық өсу мен дамуға ең ірі бөгет болып табылады. Шенеунік қандай да бір шешімдерді қабылдау (немесе қабылдамау) есебінен оған тиесілі емес қорларды басқаруға мүмкіндігі бар болғандықтан мемлекеттік сыбайлас жемқорлық бар болады. Бұндай қорларға мыналар жатады: бюджеттік қаражаттар, мемлекеттік немесе жеке меншік, мемлекеттік тапсырыстар немесе жеңілдіктер және т.б. Бірақ шенеуніктен тарату функцияларын тартып алса, онда барлық төрешілдік аппарат өзінің қызмет ету мағынасын жоғалтады. Мемлекеттік қызметкерлер сыбайлас жемқорлық субъектілер ретінде рөл атқарады, себебі олар ғана сыбайлас жемқорлық қатынастардың пайда болуына әкелетін іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін және шешімдерді қабылдау үшін билік жүргізу өкілдіктерді иеленеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар әдетте тұрақты қылмыстық бірлестіктер қатысушыларымен жасалынады, олардың қызметтері қылмыстық бизнестен максималды табыс алуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлық аса жағымсыз әлеуметтік құбылыс болып табылады, ол қылмыстық әрекеттің масштабтылығы, халық шаруашылығының әртүрлі салаларында тұрақтылық және жүйелі секілді сипатты белгілерді иеленеді. Бүгін ол мемлекеттік билік жүргізу, мемлекеттік меншіктілік, бөлу каналдарына жақын болып тұрған субъектілердің корпоративті және топтық мүдделеріне негізделген.

Сыбайлас жемқорлық – бұл:

а) мемлекеттік немесе басқа қызметтегі тұлға заңды және жеке тұлғаларға, топтарға (соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық құрамалар) лауазым беделі мен онымен байланысты мүмкіндіктерге негізделген, өзінің қызметтік уәкілдігін немесе қызметтерін заңсыз «сату» кезіндегі екі жақты мәміле, ал «сатып алушы» өзіндік мақсатында: баю, артықшылықтарды заңды рәсімдеу, заңмен қарастырылған жауап тартудан қашу, әлеуметтік бақылау және т.б. үшін мемлекеттік немесе басқа құрлымды қолдану мүмкіндігін алады;

б) қызметкерлермен пара, қосымша сыйақыны бопсалушылық;

в) қызметкерлерге жиі қатты психологиялық ықпал етумен бірге бастамашы, белсенді параға сатып алу.

Соңғысы ұйымдасқан қылмыстылық үшін тән.

Мысалы, АҚШ-та әрбір ұйымдасқан қылмыстылық құрамада пара берушінің кем дегенде бір лауазымы тіркелген. Пара берушілер шенеуніктерді параға сатып алған және қорқытқан. Сонымен қатар АҚШ-тың бұрынғы президенті Р.Никсон 1969 ж. 23 сәуірде АҚШ конгресі жолдауында қылмыстық синдикат «біздің үкіметтік мекемелерді сыбайластырады және біздің демократикалық үдерісті бұзады» деп атап айтқан. Сондай-ақ «құрғақ заң» заманынан бастап, 20-30 жылдардағы белгілі гангстерлердің жеңіл қолынан Чарли Лючиано және Аль Капоне рэкетирлер, барлық қылмыстық табыстардың үштен бір бөлігі билік жүргізетін органдар мен әділеттілікті сатып алуға кету керек деген тәртіп орнатты. А.И. Долгова «Сыбайлас жемқорлықпен күресті, ұйымдасқан қылмыскерлікке қарсы күреспен бірігіп жүргізу тиіс» деп айта кеткені әділ.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар алуан түрлі, қылмыстық-құқықтық, әкімшілдік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік сипатқа ие.

Әртүрлі мемлекеттердің криминалистері осы мәселеге көз жазбай назар бөледі. Себебі, скандинавия зерттеушілері пікірі бойынша, сыбайлас жемқорлық – бұл «билік жүргізудің бұрмаланған түсінігі», «әртүрлі мемлекеттерде заң мазмұнына байланыссыз ұятты әрекеттер». Алайда фин криминалистері атап өткендей, әрбір уға өзінің у қайтарғышы табылады. Мемлекеттік қызметкерлер, жаңа пішіндерге жауап ретінде осы нормаларды мүмкіндігінше либералдық түсінуге «әмір ететін» нұсқаулықтарды шығарады. Басқа сөзбен айтқанда бір билік жүргізетін құрлымдар екінші билік жүргізетін құрлымдар мүдделеріне қарсы әрекет етеді.

Осы мәселені талдай отырып, Сьюзан Роуз–Аккерман «Біріншіден мен мемлекет пен қоғам негіздерін тап сол мағынада қарастырамын, және өзіме шенеунік аппарат ортасында сыбайлас жемқорлық үшін түрткі қалайша пайда болады деген сұрақ қоямын. Мен сыбайлас жемқорлық экономикалық тиімсіздікті және әділетсіздікті қалайша тудыратының және ол материалдық ынталандыру мен сыйақының заңды сызбаларының жаман баламасы болып табылатынын көрсетемін. Реформалар пара алуға ынталарын төмендете алады және сыбайлас жемқорлық тәртібі үшін тәуекелдерді жоғарлата алады. Реформалар мақсаты сыбайлас жемқорлықты толығымен жою болмауы тиіс, бірақ мемлекеттік машинаның тиімділігін, адалдығын және легитимділігін масштабты жетілдіру. Сыбайлас жемқорлықты толығымен жою мүмкін емес, бірақ оны ауыздықтауға және онымен келтірілетін зиянды азайту үшін амалдарды қолдануға болады» деп айта кетті.

Мысалы, ҚХР экономикалық қылмыстың төрт ең әдетті түрлерін бөліп шығаруға болады. Бұл біріншіден сыбайлас жемқорлық танытулары (пара алу, өзінің қызметтік жағдайын қолдану жолымен мемлекеттік қаражаттарды заңсыз меншіктену) болып табылатын шаруашылық-лауазымдық қылмыстар. Бұл түрдің қылмыстары заңсыз мәмілелердің әртүрлі түрлерінен үстеме табыс алумен де жиі сипатталады (мысалы, жылжымайтын мүлік пен жер участкілерін алып-сатарлыққа қатысу). Екіншіден, экономикалық қылмыстар алаяқтық қиянат етушіліктің әртүрлі түрлері үшін нарықтық қызметінің айналысын жасыру және қолдануда біліне алады (жосықсыз бәсеке мен кәсіпкерліктің танытулары). Үшіншіден, бұл салық салу, кедендік ережелерді бұзу салаларындағы қылмыстар. Төртіншіден, есірткі бизнесі мен әйелдерді сексуалды пайдалану (оларды жезөкшелікке тарту, притондарды ұстау) айналысушылықты құрайтын қылмыстар.

Бөлек авторлар, жалпы алғанда сыбайлас жемқорлық – нарықтық қарым-қатынастарға өтуді жүзеге асыратын басым мемлекеттер үшін әдетті құбылыс болып табылатынын атап өтті. Бірақ ол сөзсіз, тек қана дамып келе жатқан мемлекеттердің немесе үшінші әлем елдерінің мәселелері болып табылмайды.

Сыбайлас жемқорлық бейәлеуметтік құбылыс ретінде, әлеуметтік қарым-қатынастар субъектісінің бірі, қоғамның басқа мүшелеріне қарағанда еркіндік пен құқықты артық алған (немесе күшпен алған) мезеттен бастап пайда болды. Адамдар басқа адамдар үстінен үстемдіктің құрылымдалған және иерархиялық қатынас ретінде мемлекетті конституциялау, реттеуші-басқарушы төрешілдік аппараттың паралельді күрделенуі және ең бастысы, социумның мемлекеттік құрылымдарға деген үлкен тәуелділікке, бесінші билік ретінде ұйымдасқан қылмыстың пайда болуына әкелген, мемлекеттің енуі үшін әлеуметтік кеңістіктің кеңеюі – осының бәрі сыбайлас жемқорлықты саяси-билік қарым-қатынастардың серігіне айналдырды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік билік жүргізудің ажырамас ерекше белгісі болып санауға болады, ол оны теріс пайдаланбай өмір сүре алмайды.

Сыбайлас жемқорлық салдары инвестицияларды жасау үшін ынталандыруды төмендету жолымен экономикалық өсімді төмендетумен айқындалады (аймақтық, сонымен қатар шетел кәсіпкерлерден де); салық

түсімдердің қысқаруы, мемлекеттік инфрақұрлымдық қызметтердің сапасының төмендеуі, дарынды адамдар өнімді қызмет орнына заңсыз табыс алуды іздеуге назарын аудару және мемлекеттік шығындар құрлымын бұрмалау (төменде талқыланады) жолымен экономикалық өсім қарқындылығын төмендетеді.

Әдебиеттер: 1-4; 9-14; 16-20; 22-24; 35-36; 38-47; 61-64; 86-90; 94-95;

Семинарлық сабақ – 1 сағат

Семинарлық (тәжірибелік) сабақтың сұрақтары:

1. Сыбайлас жемқорлық түсінігі және оның белгілері
2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтың күйі, деңгейі және динамикасы
3. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтың құрлымы мен сипаты.

Тапсырма: жоғарыда көрсетілген семинарлық оқу-сұрақтары бойынша ауызша жауап дайындап, сабаққа дайындалу қажет. Тақырыпқа қатысты нормативті-құқықтық актілерді конспектілеу.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:

Семинар сабағына дайындалу барысында курсанттар дәрістен басқа қосымша оқулықтар мен нормативтік құқықтық актілерден семинар сұрақтарына қатысты негізгі түсініктер мен анықтамаларды, керекті материалдарды конспектілеу. Межелік бақылау кезінде курсанттар оқытушыға міндетті түрде дәріс, семинар (тәжірибелік) конспектілерін ұсыну. Тақырыптарға қатысты қосымша сұрақтарға жауап беру қажет.

Сабаққа дайындалу барысында курсанттарда әр-түрлі сұрақтар туындайтын жағдайда, кафедра оқытушыларының көмегіне жүгінулері қажет.

Әдебиеттер: 1-4; 9-14; 16-20; 22-24; 35-36; 38-47; 61-64; 86-90; 94-95;

КОӨЖ – 1 сағат

Тапсырма: Семинар сабағын оқу барысында аталған пәннің ұғымы мен мәні жөніндегі сұрақтарды талқылап өз ойы мен ұсынысын қалыптастыру. Аталған пәннің ұғымы және жүйесі. Ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру бағытымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздері.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар алуан түрлі, қылмыстық-құқықтық, әкімшілдік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік сипатқа ие болғандықтан жауапкершілікті жүзеге асырудың негізгі әдістері. Құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары.

КОӨЖ жүргізу нысаны: қарастырылып отырған сұрақтардың мәселелерін талқылау.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:

Семинар сабағының тақырыбына қатысты дайындалуда қажетті нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар оқулықтарды, монографияларды қолдану.

Заңдық әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық қатысты мәселелер жөніндегі өз ұсыныстарын білдіру.

Пәнді дұрыс меңгеру жөніндегі біліктілігін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру.

Саббаққа дайындалу барысында курсанттарда әр-түрлі сұрақтар туындайтын жағдайда, кафедра оқытушыларының көмегіне жүгінулері қажет.

Әдебиеттер: 1-4; 9-14; 16-20; 22-24; 35-36; 38-47; 61-64; 86-90; 94-95;

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шолу жасай отырып, орындалу тәртібін реттейтін нормативтік актілерге сипаттама жасау.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Сыбайлас жемқорлық ұғымы және оның белгілері
2. «Сыбайлас жемқорлық», «парақорлық», «қызмет бабын теріс пайдалану» ұғымдары, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары.
3. Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің күйі, деңгейі және динамикасы.

Реферат тақырыптары:

1. Сыбайлас жемқорлық түрлері, себептері, түсінігі.
2. Сыбайлас жемқорлық өсуін ынталандыратын себептер, шарттар және факторлар.
3. **Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің құрлымы мен сипаты.**
4. «Сыбайлас жемқорлық», «парақорлық», «қызмет бабын теріс пайдалану» ұғымдары, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Рефераттар мен бақылау жұмыстарын орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:

Рефератты жазуға қойылатын негізгі талаптар: Курсанттар (дәріс, семинар немесе тәжірибелік сабақтарда) болмағанда және бекітілген тәртіппен өтемдер жойылмаған жағдайда, ұсынылған бағдарлама бойынша немесе бекітілген тақырыптар бойынша реферат дайындайды.

Рефератты жазу барысында кем дегенде екі теориялық сұрақтарды қамту қажет, жазба текстімен көлемі 10-15 беттен аспауы керек. Қаралатын әрбір сұрақтан кейін қортындысы мен тәжірибемен байланысы көрсетілуі керек. Жұмысты өзіндік сағат уақытында орындайды. Баға қою арқылы рефератты қорғау семинар сабағында жүргізіледі және қортындысы межелік бақылауда немесе сынақта ескеріледі.

Әдебиеттер: 1-4; 9-14; 16-20; 22-24; 35-36; 38-47; 61-64; 86-90; 94-95;

8 – тақырып. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының пайда болу себептері мен шарттары.

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының себептері мен шарттары.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасайтын қылмыскердің тұлғасы.

Дәріс тезісі:

Көптеген криминалогиялық зерттеулер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін айрықша себептер мен шарттардың бар болуын көрсетеді, және заманауи аралықта экономикалық қылмыстардың өсімі байқалады. Осы құбылыстың басты себептерінің санында мыналарды атауға болады: экономикада нарықтық қарым-қатынастардың жетілмегендігі; заңнамалардағы кемшіліктер; азаматтардың көргенді ұстанымды қалыптастырудағы кемшіліктер.

Кейде сыбайлас жемқорлық қандай да бір нақты шаруашылық, өнеркәсіп саласында монополияны орнатуға ұмтылады.

Мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлық, құқық қорғау органдарының әлсіздігі қылмыскерлердің әрекеті үшін қолайлы жағдайларды жасайды, ал бұл өз қатарында қылмыстың өсуіне және қоғамдың қолайлы мақсаттарына жетудің заңды жолдарының қысқаруына әкеледі.

Әйгілі америкалық криминалист Сатерленд ақ жағалы қылмыскерлер – бұл «жоғары қоғамдық орындарға ие, құрметке тұрарлық және зорлықты қолданбай, өзінің кәсіби міндеттерін атқару үдерісінде қылмысты жасайтын тұлғалар» деп атап өтті.

Экономиканың жаһандану шамасы бойынша «ақ жағалар» қылмыстылықтың бейнесі де, сонымен қатар бақылаушы органдар алдында қойылатын мәселелер де елеулі өзгерді. Қылмыскерлер әрдайым өзгеретін жағдайларға бейімделеді, технологиялық, саяси және экономикалық өзгерістер үдерісінде пайда болған мүмкіндіктерді қолдануға ұмтылады және сол уақытта сыртқы бақылаудан қашады. Әлемдік экономикалық жүйесінің өсуі қылмыстарды жасау үшін жаңа мүмкіндіктерді ашады. Құрбанның сеніміне кіруге негізделген қарапайым алаяқтық немесе коммерциялық алаяқтық жаңа байланыс құралдары арқылы мемлекет шекараларын қиып өте алады. Аймақтарда және дамып келе жатқан мемлекеттерде полиция және тергеу органдары осындай істерді тергеу үшін қажетті қаражаттар, сарапшылар және тағы басқа қорларды иеленбейді. Бай мемлекеттердің өзі қылмыстардың іріктеме тергеулерін жүргізуге мәжбүр.

Сыбайлас жемқорлық институционалдық тиімсіздіктің басқа пішіндері бар болған кездегі жағдайларда жиі кездеседі, олар мыналар: саяси тұрақсыздылық, төрешілдік «рогаткалар», әлсіз заң шығару және сот жүйесі. Бұл сыбайлас жемқорлықпен басқа байланыстырған факторлар емес, дәл сыбайлас жемқорлық төмен экономикалық өсімнің себебі болып табыла алатын мүмкіндік туралы сұрағын қояды. Кемімелдік талдауы, егер институционалды тиімсіздіктің басқа пішіндері ретінд мысалы, саяси тұрақсыздықты алсақ, онда сыбайлас жемқорлық әлі де экономикалық өсімнің төмендеуіне ықпал ете алатынның кейбір дәлелдерін көрсетеді.

Сыртқы экономикалық қызметтің ырықтандыру барысында меншіктіліктің әртүрлі пішіндерінің кәсіпорын құқықтары едәуір кеңейтілді

